

NEWS**OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
SERIES OF AGRICULTURAL SCIENCES**

ISSN 2224-526X

Volume 2, Number 44 (2018), 73 – 77

**N. Seitkali, K. Kubenkulov, A. Kh. Naushabaev,
N. A. Khokhanbaeva, N. A. Abdraimova, Zh. B. Bakenova**

Kazakh National Agricultural University, Almaty, Kazakhstan.

E-mail: nurzi.seitkali@mail.ru Kkubenkulov@mail.ru tatan-askhat@mail.ru nuri.310385@mail.ru

**MORPHO-GENETIC CHARACTERISTICS, COMPOSITION
AND PROPERTIES OF SOILS OF THE WILD FRUIT FORESTS
OF ZHETYSU ALATAU**

Abstract. The article deals with morpho-genetic features, physico-chemical properties, granulometric composition of dark-gray forests soil formed under apple trees of wild fruit forests of Zhetysu Alatau.

Keywords: soil, humus, granulometric composition, profile.

ӘОЖ 631.445. 56: 630.2

**Н. Сейткали, К. Кубенкулов, А. Х. Наушабаев,
Н. А. Хоханбаева, Н. А. Абдраймова, Ж. Б. Бакенова**

Қазақ ұлттық аграрлық университеті, Алматы, Қазақстан

**ЖЕТИСУ АЛАТАУЫНЫҢ ЖАБАЙЫ ЖЕМІС
ОРМАННЫҢ КҮНГІРТ-СҮР ТОПЫРАҒЫНЫҢ
МОРФО-ГЕНЕТИКАЛЫҚ СИПАТЫ,
ҚҰРАМЫМЕН ҚАСИЕТТЕРІ**

Аннотация. Мақалада Жетису Алатауының жабайы жемісті орман белдеуіндегі алма ағаштары астында қалыптасқан орманның күнгірт-сұр топырақтарының морфо-генетикалық белгілері, физико-химиялық қасиеттері, грануламетриялық құрамы, су сүзіндісінің құрамы қарастырылған.

Түйін сөздер: топырақ, гумус, грануламетриялық құрам, кескін.

Кіріспе. Жетису Алатауы – Қазақстанның оңтүстік-шығысындағы ірі, ері құрылымы жағынан құрделі тау жүйелерінің бірі. Жетису Алатауы осы аймақтағы тау жүйелерінің солтүстік және солтүстік-батыс жалғасы. Ол солтүстік-шығысында Алакөл казаншұңқырымен оңтүстік-батыснда Іле өзені аңғары аралығында созыла орналасқан. Ұзындығы 450 км, ені 100-250 км. Жетису Алатауын батыста Көксу, шығыста Боротола өзендері беліп жатыр. Осы екі белік Солтүстік және Оңтүстік Жетису Алатауы болып, екі үлкен тау жотасын құрайды [1]. Жетису Алатауының флорасы өсімдіктердің 2168 түрімен берілген, оның 76 эндемикалық түрі тек қана осы жотада ғана кездеседі. Жонғар Алатауының флорасында 21 сирек кездесетін түрлері де бар [2]. Оның ішінде әлбетте белгілі Сиверс алма ағашы да бар.

Мақалада жабайы алма ағашының күйе көбелегінің шабуылына ұшырап жаппай өлуіне әкелгені, оның астында қалыптасқан орманның күнгірт-сұр топырағында тіршілік ететін *Bacillus thuringiensis* энтомопатогенді бактерияларын пайдалана отырып күйе көбелегіне өте тиімді биологиялық препарат жасап шығару үшін осы топырақта жан-жақты тексеріп *Bacillus thuringiensis* бактерияларының өмір сүруіне қолайлылығын бағалау.

Орманның күнгірт-сұр топырақтары Жетісу Алатауының таулы орманды-дала аймақтың орта белдеуіне жатқызылған. Абсолютты биктігі шамамен 2000-2500 м. Олар әдетте жаппай белдеу түзбейді, керісінше орманды дала аймағының басқа топырақтарының арасында жекеленген алқаптар түрінде орналасқан.

Олардың жаппай таралуы тек Константиновка, Тополевка, және Лепсі ауылдарында байқалады. Онда орманды-дала өсімдіктерінің арасында жапырақты орман басты орын алады (алмакайынды, көктөрек).

Жер бедері орташа тік бөлімдермен ($15-20^0$) әртүрлі бағыттардағы беткейлерімен берілген. Олардың ең бастысы солтүстік және солтүстік батыс экспозициясында айқын байқалады. Кейбір қыраттардың шындары плато тәріздес, мысалы, Қайкан, Бельтерен, Суық жайлау, Шұбарағаш, Қотырқайың және т.б. түрінде көрініс тапқан.

Топырақ түзуші жыныстар ләсс тәріздес шөгінді. Шығу тегі пролювияльды-делювияльды. Гранулометриялық құрамы құмбалшықтармен балшықтар. Сипатталған топырақтарда ағашты өсімдіктер басым: көктөректен тұратын жапырақты ормандар, теректер, қайындар, шетендер, жабайы алмалар, мойыл, ыргай, бөрікаракат және баскалар.

Орманның күнгірт-сұр топырақтарының морфологиялық белгілері кейбір қара топырақ типіне, оның күлденген және сілтісізденген типшелеріне жақын. Олардың гумустенген қабаттары қара-сұр және күнгірт-сұр ренге ие. Көп жағдайда топырақ беті орман төсөнішімен жабылған. Күлді қабаты мұлдем жоқ, бірақ кремнийлі сеппесі әрқашанда екінші гумус қабатында (A_2B) байқалады [3].

Зерттеу әдістері. Топырақтың профильдері Жетісу Алатауында күнгірт сұр топырақтардың таралу аймағын сипаттайтын кескін қазу арқылы зерттелген. Аринушкина бойынша су сүзіндісі иондарының құрамы анықталды [4, 5]. Кескіннің сипаттамасында біз генетикалық қабаттарды бөлу арқылы морфологиялық және генетикалық талдауды қолдандық. Таңдалған топырақ үлгілерінде төмөндегідей анықтаулар жүргіздік:

- Тюрин И.В., бойынша гумус, ГОСТ 26312-91 (Мемлекеттік стандарт);
- Келдайл Х.Г., бойынша жалпы азоты, ГОСТ 26107-84;
- ГОСТ 26264-84 бойынша фосфор мен калийдің жалпы саны;
- Тюрин – Кононова бойынша гидролизденетін азотты;
- Machingin арқылы лабилді фосфор;
- калийді ГОСТ 26205-84,85 бойынша жалын фотометріне ауыстыру;
- ГОСТ 2643-85, 26428-85, 26425-85, 26426-85, 26424-85, 25428 сәйкес су сығындысының құрамы;
- ГОСТ 26425-85 бойынша pH;
- Бобков-Аскинази-Алешиннің катионмен алмасу қуаты, ГОСТ 17.4.4.01.

Зерттеу нәтижелері және оны талқылау. Орманның күнгірт-сұр топырақтары морфологиялық белгілері бойынша кейбір қара топырақтың күлденген және сілтісізденген типшелерне жақын. Олардың гумустенген қабаттары қара-сұр және күнгірт-сұр ренге ие. Көп жағдайда топырақтың беті орман төсөнішімен жабылған. Күлденген қабаты мұлдем жоқ, бірақ кремнийлі сеппе әрқашанда екінші гумус қабатында (A_2B) байқалады.

Орманның күнгірт-сұр топырақтарын сипаттау үшін төмөндегі кескіннің бетпішінің морфогенетикалық белгілерін көлтіреміз.

Кескін Константиновка ауылынан оңтүстік-шығысқа қарай 5 км. жерде орналасқан. Кескіннен тұра осындағы қашықтықта солтүстік-батыста Красная өзені Тентек өзенінне қосылады. Жербедер беткейі тік ($20-25^0$). Қара шокы тауының солтүстік беткейі Красная өзеннің анғарымен күшті кескінделген. Абсолюттік биіктігі 2000 м.

Өсімдіктері: жабайы алма, көктөрек, аққайын және шетеннен тұратын жапырақты қалың орман. Бұталардан долана, ыргай, ал жидекті бұталардан: қаракат, танқурай, қарабұлдірген кездеседі.

Кескіннің терендігі 150 см. Топырақ бетінен бастап түбіне дейін қайнамайды. Кескіннің 15 см-нен бастап 90 см-ге дейін кремнийлі сеппелері айқындалған.

A_0 0-5 см. ағаштардың жапырақтарынан және жартылай ыдыраған майда бұтақтардан тұратын орман төсөніші;

A_1 5-15 см. қара-сұр, құмбалшықты, ылғалды, бос, ірі дәнді, келесі қабатқа өтуі айқын;

A_2B 15-40 см. куреніді күнгірт-сұр, құмбалышықты, ірі дәнді, ылғалды, бос, жауын құрттарымен қазыланып өндөлген, 30 см-ден бастап топырақ агрегаттарының қырларында аздаған кремнийлі сеппесі байқалады, келесі қабатқа өтуі біртіндеп;

B_1 40-70 см. күнгірт-сұр, құмбалышықты, жаңғақты, ылғалды, нығыздалған, жауын құрттарымен қазылған, агрегаттардың қырларында кремнийлі мол сеппесі байқалады;

B_2 70-90 см. күнгірт дақты, сұrlау-күрен, ылғалды, құмбалышықты, ірі жаңғақты-кесекті, нығыздалған, агрегаттардың қырларында аздаған кремнийлі сеппесі байқалады, келесі қабатқа өтуі айқын;

ВС 90-150 см. қызылтау-күрен, балышықты, ылғалды, нығыздалған.

Топырақ кескіннің морфологиялық сипатынан оның айқын байқалатын алты генетикалық (A_0 , A_1 , A_2B , B_1 , B_2 және ВС) қабаттарынан тұратындығын, топырақ бетін айтарлықтай қалың (5 см) орман төсөнішімен жабылғандығын, оның астында жұқа (10 см) жақсы жетілген гумусті-аккумулятивті қабаттың қалыптасқандығын, ал келесі A_2B және B_1 қабаттарда сілтісіздену үрдісінің нәтижесінде топырақ агрегаттарының қырларында кремний сеппелері кездесетіндігі байқалады. Айтылған қабаттар 70 см. терендікке дейін жауын құрттарымен қазбаланып жақсы өндөлген. Соңғы жағдай топырақтың құнарлық деңгейінің жоғарылығының белгісі. Енді оның қаншалықты екендігін осы кескін қабаттарынан алынған топырақ үлгілерінің құрамына жүгінейік (1-кесте).

1-кесте – Жетису Алатауы орманының күнгірт-сұр топырағының химиялық құрамымен физико-химиялық қасиеттері

Үлгі терендігі, см	Гу- мус, %	Жалпы азот, %	Жалпы фос- фор, %	Су сүзін- дісін- нің рН	Сініру сыйым- дылығы, мг/экв 100 г топы- ракта	100г топырақта сінірілген негіздер, мг- экв/%				Жылжымалы түрлері, мг/100г		
						Ca ²⁺	Mg ²⁺	Na ⁺	K ⁺	Женіл гидролиз денетін азот	P ₂ O ₅	K ₂ O
0-5	15,5	0,800	0,28	6,8	30,2	29,4/80	7,35/12,2	0,65/2,8	0,08/0,18	10,25	5,12	82,20
5-15	8,30	0,518	0,24	6,4	21,65	18,45/80	5,25/12,8	0,48/2,4	0,01/0,04	8,60	4,06	79,20
15-40	3,88	0,185	0,20	6,4	18,72	15,60/81	3,82/12,2	0,42/2,1	0,05/0,29	2,70	1,50	21,01
40-70	2,22	0,152	0,15	6,4	15,2		3,42/12,2				1,42	17,20

Кестеден орманның күнгірт-сұр топырағының беткі қабаттары өте жоғарғы деңгейде гумустелгендігін (8,30-15,5%), оның мөлшері кескін бойы төмен қарай біртіндеп азайып 40-70 см. терендікте 2,2% жететіндігін байқауга болады. Осыған сәйкес топырақ жалпы азотпен фосфорға айтарлықтай байытылған (0,52 және 0,25% сәйкесінше). Су сүзіндісінің мәліметтері топырақ түзілу үрдісінің сәл қышқылды ортада жүретіндігін көрсетеді. Сініру сыйымдылығы көтерінкі жағдайда (20-30 мг-экв 100 г. топырақта) сінірілген натрийдің еншісі төмен (2,5%). Бұл топырақта кебірлену белгісінің жоқтығын көрсетеді. Топырақ өсімдіктерге тиімді қоректік азот, фосфор және калий элементтерімен мейілінше байытылған.

Топырақтың грануламетриялық құрамының оның кескін бойы бірдей орташамен ауыр құмбалышықты шекаралықтағы шөгінді тау жынысы лөсті қалыптасқандығын көрсетеді (2-кесте). Ләстің өсімдік тамырларымен топырақты мекендейтін жан-жануарлардың бәріне өте қолайлы екенин ескерсек, біз сипаттап отырган топырағымыздағы орман ағаштары ең бір қолайлы топырақтұзуші таужынысында қалыптасқандығын көрлеміз.

Зерттеліп отырган орманның күнгірт-сұр топырағының құрамында суда ерімейтін тұздар мөлшерінің өте аз екендігін (3-кесте) мәліметтінен айқын көруге болады. Онда тұздар жиынтығы (0,05%) дан (0,098%) аралығында ауытқыған. Бұл өте төмен көрсеткіш топырақта тұзлғен тұздардың әрдайым шайылып кетіп отыратындығынан топырақтың тұздануына жол бермейтіндігін көрсетеді.

2-кесте – Іле Алатауының жабайы жемісті орман белдеуіндегі орманның күнгірт-сұр топырағының грануламетриялық құрамы

Үлгі терендігі, см	Абсолютті құргақ топырақтарғы фракциялар мөлшері %						Диаметрі <0,01 мм фракциялар жынытыны
	Құм, мм		Шаш, мм			Тозаң, мм	
	1-0,25	0,25-0,05	0,05-0,01	0,01-0,005	0,005-0,001	<0,001	
0-5	Жоқ	12,6	43,21	10,05	12,03	8,2	30,15
5-15		10,03	38,70	14,20	15,05	12,08	45,60
15-40		9,50	42,85	10,08	11,28	15,36	45,71
40-70		7,37	41,63	12,4	15,09	15,30	45,80
70-90		9,31	41,50	11,42	14,25	15,30	45,82
90-150		9,20	45,90	11,65	14,72	15,20	49,50

3-кесте – Жетісу Алатауының орманды күнгірт-сұр топырағының (ауалы-құргақ) су сүзіндісінің құрамы, мг-ЭКВ/%

Үлгі терендігі, см	Сілтілік		Cl ⁻	SO ₄ ²⁻	Ca ²⁺	Mg ²⁺	Na ⁺	K ⁺	Тұздар жынытыны, %	Тығыз қалдық, %
	жалпы HCO ₃ ⁻	CO ₃ ²⁻ тен								
0-5	0,60	Жоқ	0,12	Жоқ	0,40	0,17	0,12	0,18	0,098	0,080
	0,072		0,004		0,006	0,004	0,004	0,008		
5-15	0,52		0,10		0,30	0,15	0,07	0,12	0,050	0,074
	0,032		0,004		0,006	0,002	0,001	0,005		
15-40	0,28		0,10		0,22	0,14	0,04	0,05	0,025	0,047
	0,014		0,004		0,004	0,001	0,001	0,001		
40-70	0,26		0,09		0,12	0,12	0,07	0,04	0,027	0,033
	0,015		0,004		0,003	0,002	0,002	0,001		

Қорытынды. Жетісу Алатауы жабайы жемісті орманның күнгірт-сұр топырақтары терен кескінді (150 см. дейін), карбонатсыз, шайылу су құбылымымен сәл қышқыл орта жағдайында айқын дифференциялданған бес генетикалық қабаттардан (A_0 , A_1 , A_2B , B_1 , B_2 және BC) тұрады; оның беткі A_1 , A_2B қабаттары өте жоғарға гумусті (сәйкесінше 15,5 және 8,30%). Қоректік элементтерге байытылған; грануламетриялық құрамы – женілдетілген ауыр құмбалшықты, кескін суда еритін тұздардан арылған. Бұндай жағдай *Bacillus thuringiensis* энтомопатогенді бактериялары өмір сүруіне қолайлы жағдай туғызады.

ӘДЕБІЕТ

- [1] Қазақстанның физикалық географиясы. – Алматы: Атамұра, 2008. – 37-40 б.
- [2] Әметов Ә.Ә. Ботаника. – Алматы, 2000. – 320-324 б.
- [3] Почвы Казахской ССР. Вып 4. Алма-Атинская область. – Алма-Ата, 1962. – 422 с.
- [4] Методические указания к лабораторно-практическим занятиям по мелиоративному почвоведению. – М., 1981. – 38 с.
- [5] Аринушкина Е.В Руководство по химическому анализу почв. – М.: Изд. МГУ, 1970. – С. 387-421.

**Н. Сейткали, К. Кубенкулов, А. Х. Наушабаев,
Н. А. Хоханбаева, Н. А. Абдраймова, Ж. Б. Бакенова**

Казахский национальный аграрный университет, Алматы, Казахстан

**МОРФО-ГЕНЕТИЧЕСКИЕ ХАРАКТЕРИСТИКИ,
СОСТАВ И СВОЙСТВА ТЕМНО-СЕРЫХ ПОЧВ ДИКОПЛОДОВЫХ ЛЕСОВ
ЖЕТЫСУСКОГО АЛАТАУ**

Аннотация. В статье рассматриваются особенности морфо-генетических признаков, химического и гранулометрического составов серых лесных почв под дикими яблоневыми деревьями лесного пояса Жетысуского Алатау. Результатами исследований установлено, что изучаемая почва обогащена питательными элементами, имеет облегченный гранулометрический состав и профиль ее промыт от воднорастворимых солей. Такие условия благоприятны для жизнедеятельности энтомопатогенных бактерий *Bacillus thuringiensis*.

Ключевые слова: почва, перегной, гранулометрическая композиция, профиль.

Сведения об авторах:

Сейткали Нурзихан – доктор PhD кафедры «Почвоведение и агрохимия», Казахского национального аграрного университета, e-mail: Nurzi.seitkali@mail.ru

Кубенкулов Канайбек Кубенкулович – кандидат сельскохозяйственных наук, ассоциированный профессор кафедры почвоведения и агрохимии Казахского национального аграрного университета, e-mail: Kkubenkulov@mail.ru

Наушабаев Асхат Хамитович – доктор PhD, ассоциированный профессор кафедры «Почвоведение и агрохимия», Казахского национального аграрного университета, e-mail: tatan-askhat@mail.ru

Хоханбаева Нуржамал Айбатиллаевна – PhD докторант кафедры «Почвоведение и агрохимия», Казахского национального аграрного университета, e-mail: nuri.310385@mail.ru